

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Қосан Нұрила Бахтиярқызы**

[nrila04@mail.ru](mailto:nrila04@mail.ru)

**Бахтыбай Аружан Бахытқызы**

[aruzhanbahtybai05@gmail.com](mailto:aruzhanbahtybai05@gmail.com)

6B01301- «Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы» білім беру бағдарламасының  
3 курс студенттері

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, магистр - Абилова Орынгуль Асылбековна

Қазіргі цифрлық қоғамда оқушыларды көркем әдебиетке қызықтырып, оны оқуға дағдыландыру маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Оқушы тұлғасының рухани сезімдері мен қасиеттерін дамыту және оны жүзеге асырудың негізгі тәсілдерінің бірі – оқушыларды әдебиетке қызықтырып, кітаптың мазмұны туралы ойлануға үйрету. Осы тұрғыда, оқушының оқырмандық әрекетін жүйелі әрі мақсатты түрде ұйымдастыру бастауыш білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Кез келген іс-әрекеттің бастауы қызығушылықтан басталады. Демек, оқушыларды көркем әдебиет шығармаларын оқуға тарту үшін ең алдымен оқырмандық қызығушылығын ояту керек. Оқырмандық қызығушылық – оқушының әдебиетке деген тұрақты қызығушылығы мен ықыласын білдіреді. Бұл қызығушылық, әсіресе, бастауыш сынып оқушылары үшін өте маңызды, себебі оқу дағдыларының негізі осы кезеңде қалыптасады. Оқырмандық қызығушылықты дамыту оқушының когнитивтік дамуына, сөздік қорын байытуға, ойлау қабілетін жетілдіруге және шығармашылық әлеуетін ашуға септігін тигізеді.

«Оқырмандық қызығушылық» ұғымын алғаш рет Х.Д. Алчевский мен Н.А.Рубакин зерттеген, ал бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын дамыту мәселесі Г.И.Богин, Л.Г.Жабицкая, В.А.Левин сияқты ғалымдардың еңбектерінде талқыланған. Психологиялық және педагогикалық зерттеулерде «оқырмандық қызығушылық» ұғымына әртүрлі анықтамалар беріледі. Мәселен, Е.П.Климова «оқырмандық қызығушылықты» тар мағынада оқуға деген қызығушылық ретінде түсіндіреді, яғни бұл басқа адамдардың жазбаша сөйлеу әрекетінің мағынасын түсінуге деген ұмтылыс және қажеттілік. Бұл қызығушылықтың түрі, әдетте, оқу процесіне жаңадан қосылған балаларға қатысты айтылады, мұнда мәтіндегі сөздердің мағынасын түсінуге ұмтылыс байқалады, ол көбінесе өз білімімен қоршаған ортаға әсер етуге деген талпыныспен қатар жүреді [1, 117 б.].

Егер оқырмандық қызығушылықты кең мағынада қарастыратын болсақ, онда ол кітаптардағы адамзаттың жинақталған тәжірибесіне оқырманның белсенді қатынасын білдіреді. Бұл қызығушылық жинақталған білім мен тәжірибені әдебиет көздерінен өз бетімен алу талпынысынан туындайды. Оқырман кітапқа толық назар аударып, мақсат қойып бағдарлану үшін оның сезімдік және ақыл-ой белсенділігі міндетті түрде көрініс табуы керек.

Көптеген мұғалімдерден қазіргі оқушылардың кітап оқуға қызығушылығы төмен деген пікірді жиі естиміз. Бұл құбылыстың маңызды себебі цифрлық технологиялардың алға озып, оқушылардың цифрлық құралдарға - гаджет, ұялы телефон және цифрлық ойындарға басым көңіл бөлуінде десек болады. Қазіргі зерттеуші ғалымдар оқу мәселесіне деген қызығушылықтың күрт төмендегенін атай отырып, бұл ұлттық мәдениетке және адамның дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл мәселенің маңызды тұсы балалардың оқымауы емес, оқу

қызығушылығының жоқтығында жатыр. Демек, бастауыш сыныптан бастап мұғалімдер оқушылардың оқырмандық қызығушылығын қалыптастырудың неғұрлым тиімді жолдарын іздестіру қажет [2, 51-55 б.].

Бастауыш сынып мұғалімдері үшін бұл мәселе өте өзекті, себебі бұл мәселе қаншалықты оңтайлы шешілсе, болашақ ұрпақтың білім алу, тәрбиелену және даму деңгейі, кейінірек ересек адамдардың жетістіктері соған байланысты болады. Дәл осы бастауыш сынып мұғалімі оқу құндылығын қорғауға, оны баланың санасында көтеруге, оқу сүйіспеншілігін қалыптастыруға және оқырмандық қызығушылықты қалыптастыруға қабілетті.

Бастауыш мектеп оқушыларының оқырмандық қызығушылығын тек әдебиеттік оқу сабақтарымен шектелмей, барлық пәндерде және сабақтан тыс жұмыста да қалыптастыру қажет. Біз оқырмандық қызығушылықты қалыптастыру мен дамыту жұмыстарын бастау үшін жасқа және қызығушылыққа сай әдебиетті мұқият таңдау арқылы жүзеге асырамыз. Көркем әдеби кітаптарды мұқият таңдау қажет, себебі ол оқуға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, қызығушылықты арттыруға көмектеседі, ал шығармалар балаларды қоршаған әлемге, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа таңдануға, сүйсінуге үйретуі тиіс.

Оқырмандық қызығушылық баланың кітапты қолына алып, ішіндегі жазбаны оқып, одан жағымды әсер алып, қуаныш сезімін сезінуі және оқығанынан алған әсерін бөлісе алуы үшін қажет ынталандырушы күш болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығының даму дәрежесін зерттеу нәтижесінде ғалымдар төмендегідей үш категорияны анықтаған:

- енжар даму (білім алушы қолына кітап алып, ондағы суреттерді бей-жай, мақсат қоймастан көреді, қызығушылығы, белсенділік болмайды, оқығанынан алған әсері еш байқалмайды);

- белсенді даму (білім алушы оқуға ұмтылады, бірақ еш мақсат көздемейді, кейде өз әсерін көрнекі түрде көрсетеді);

- мақсат көздеу (білім алушы үнемі кітап оқуға ұмытылысын білдіреді, суреттерді қарайды, өзбетінше оқуға тырысады) [3, 19 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығы – бұл танымдық қызығушылықтың, танымдық белсенділіктің дамуымен байланысты құбылыс, ол эмоционалды бояумен, шығармашылыққа қатысты өз оқырмандық көзқарасының қалыптасуымен, сондай-ақ тұрақты ішкі мотивациямен сипатталады, ол оқырмандық әрекетті жүзеге асыруға итермелейді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын дамыту мәселесі теориялық та, әдістемелік те тұрғыда толық шешімін тапқан жоқ. Көркем әдебиет шығармаларын оқу баланың жеке және әлеуметтік тәжірибесін байыту, сондай-ақ өзін-өзі тану мен дамудың құралына айнала ма, оқушының қызығушылығымен қоса, кітап оқу қажеттілігі қалыптаса ма, бұл тұлғаны қалыптастыру мен оқу мәдениетінің негіздерін дамытуға бағытталған оқыту шарттарына байланысты болады. Сондықтан оқу барысында қызығушылықты ояту мен дамыту мәселесі және мәдениет феномені ерекше мәнге ие. Кітап оқу – өте күрделі, жеке процесс. Әр оқырман кітапқа өзінің жеке ерекшеліктерімен жауап береді, мысалы, біреуде оның жеке мінез-құлқы мен өмірлік тәжірибесіне сәйкес кітап оқығанда сезім күшейсе, екінші біреуде ақыл мен ойлау қабілеті үстем болып, эмоциялық-ерік жағы басылып қалады [4, 6-10 б.].

Мектеп тәжірибесінде бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың оқырмандық қызығушылығын тиімді қалыптастыруға мүмкіндік беретін саналуан педагогикалық техникалар мен әдістерді қолданып келеді. Бұлардың барлығы да мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне және білім беру ұйымының мүмкіндіктеріне байланысты түрлі деңгейде көрініс табады.

Әдеби шығармаларды оқу барысында балалардың оқырмандық әсер алу тәжірибесі - таңдану, қуану, аяу, қайғыру секілді оқырман сезімдері; әртүрлі жанрлардағы шығармаларды қабылдаумен байланысты эмоциялар қалыптасады. Баланы оқуға деген құштарлыққа, сұлулыққа деген сүйіспеншілікке тартады; оқырмандардың қызығушылығын дамытады. Көркем әдебиет адамгершілік сезімді, мінез-құлық нормаларын қалыптастырады, эстетикалық қабылдауды тәрбиелейді. Көркем әдебиет мәнерлеу құралдары - салыстыру, метафоралар,

эпитеттерді қолдана отырып, өз ойын дұрыс жеткізіп айтуға үйретеді. Көркем әдебиетпен таныстыру жұмыстары оқушылардың сөйлеу мәдениетіне, олардың тәрбиесі мен дамуына оң әсер етеді.

Оқиғаға немесе құбылысқа таң қалу мүмкіндігі кішкентай оқырманның қалыптасуы үшін қажет: таңдану қабілетінен өмірге деген қызығушылық туындайды, білім, дағды алуға, көруге деген ұмтылысы пайда болады және шығармамен ұсынылған сұлулықтың құндылығын, сөз саптауын ұғына бастайды. Егер біз бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтары мен икемділігіне мән бермесек, онда олардың көркем шығармаларды оқуға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылықты оята алмаймыз, бала оқу қажеттілігін сезінбейді, жалпы әдебиетке деген қызығушылығын жоғалтады. Оқушының еске салусыз өз бетінше көркем шығарманы оқуға ұмтылысы маңызды, онда оқушыны мәжбүрлеудің де қажеті жоқ [5, б. 115].

Кітаптарда қанық мазмұнды иллюстрациялар мен тиісті қаріптің болуына ерекше назар аудару керек. Бұл оқылатын шығарманың мазмұнын түсінуге көмектеседі, көркем әдебиетті оқуға деген қосымша қызығушылық тудырады. Бірақ өскелең тұлға үшін үлгі мысалдың маңыздылығын ұмытпауымыз керек. Балаға кітап оқудың маңыздылығы туралы қанша айтсақ та, егер біз өзіміз кітап оқымасaq және оқыған кітаптарымыздан алған әсеріміз туралы айтпасақ, бала өздігінен көркем әдебиетті оқымайды [2, с. 52]. Мұғалім өзі оқыған мектеп кітапханасында бар кітаптар туралы әңгімелеп, қызықтыра білуі тиіс. Ата-аналар да отбасында балалармен бірге кітап оқып, оқыған кітаптары туралы талқылау жүргізіп, отбасымен бірге әдеби кештер мен байқауларға қатысып, балаға жақсы үлгі болғаны жөн.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі міндеті оқушыларын оқуға қызығушылық танытатын, оқу дағдысын меңгерген, мәтінмен және кітаппен өз бетінше жұмыс жасай алатын шығармашыл оқырман ретінде қалыптастыру қажеттілігімен сипатталады. Өз еңбегінде З.И. Романовская оқу дағдыларын, мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруды, сол мезетте балалардың көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын қалыптастыруды ұсынған. [6, Б. 80].

Н.Н.Светловскаяның көзқарасы бойынша көркем әдебиетті оқу және әдеби оқу сабақтары келесі мазмұнды қамтиды:

- әр оқушының оқу шеңберін зерттеу;
- әр оқушыны өз бетінше көркем шығарманы оқуға дайындауға негіз болатын заңдылықтар мен тәсілдерді меңгерту;
- балаларға кітаптың бағытын және көптеген кітаптарды өз бетінше түсінуге қажетті жаңа ұғымдармен таныстыру [7, б. 156].

Кейбір әдебиеттерде бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыруға арналған бірнеше құралдар қарастырылған. Мысалы, Е.П.Климова өзінің еңбегінде оқушылардың кітапты саналы түрде оқуына мүмкіндік беретін түрлі тапсырмаларды қолданудың маңыздылығын атап көрсеткен [2,119 б.] Олар:

1. Сөзбен лексикалық жұмыс жүргізілетін тапсырмалар, бұл тапсырмалар сөздің мағынасын кеңірек және дұрыс түсінуге көмектеседі.
2. Оқылған мәтіннің мазмұнын, жанрлық ерекшеліктерін, сезімдік сипаттамасын болжауға бағытталған тапсырмалар, яғни мағынаны түсіну дағдыларын дамытуға арналған әдістер.
3. Шығарманы саналы қабылдай отырып, оны өңдеу мен таратуға бағытталған әдістемелік тәсілдерді қамтитын тапсырмалар.

И.Г.Жукова өз зерттеулерінде бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру үшін мынадай педагогикалық құралдардың тиімді екенін атап өткен: сурет пен музыкамен сүйемелденген кіріктірілген сабақтар өткізу; ертегіге негізделген мәтіндерді қолдана отырып жаттығулар жасау; әдебиет кейіпкерлерін пайдалана отырып ойындар, топтық және жұптық жұмыстар ұйымдастыру; шығармашылық жазу тапсырмаларын беру [8,786].

Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын және көркем шығармаларды өз бетінше оқу іс-әрекетін дамыту үшін мұғалімдер өз тәжірибесінде көркем әдебиет шығармаларын оқу - мәтін мен иллюстрациясын қарастыру әдісін, сонымен қатар көркем шығармаларды оқытудың саналуан формалары - байқаулар, ойындар, викториналар, сөзжұмбақтар т.б. қолданады. Осы бағытта мұғалімнің ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасауына және олармен бірге оқырманның оң бейнесін қалыптастыруға, оқу маңыздылығын арттыруға назар аударылады. Сонымен қатар, ойын түрлері балаларды терең оймен оқуға және шығарма бөліктеріне мұқият қарауға қызықтырады. Викториналарға, байқауларға, ойындарға қатыса отырып, оқушылар әдеби шығармаларға деген қызығушылықтары мен білімдерін ортаға салады, өздерінің оқырмандық мүмкіндіктерін көрсетеді.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру олардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық белсенділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын дамыту үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды қолдану қажет, бұл олардың оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің шығармашылық тәсілдері мен оқыту әдістері оқушылардың оқуға деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың жеке тұлғасын қалыптастыруға негіз бола алады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Климова Е.П. Формирование читательских интересов младших школьников через технологию осознанного чтения // Обучение и воспитание: методика и практика. — 2013. — № 7.—С. 117–119.
2. Лукьянова О.Л., Стриженко Е.Ю. Особенности формирования читательских интересов младших школьников. Научное обозрение № 5, 2020.
3. Сартаева Н.Т., Сартаева А.Т. Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру. «Молодой учёный». № 4.1 (242.1) 2019 г
4. Чудинова М.Н. Развитие читательского интереса у младших школьников на уроках литературного чтения. Курсовая работа, Свердловской область, 2018 г
5. Ушинский К.Д. Педагогика. Избранные работы. М.: Издательство Юрайт, 2020. 258 с.
6. Романовская З.И. Чтение и развитие младших школьников: (Приобщение детей к худож. лит. как к искусству). М.: Педагогика, 1982. 129 с.
7. Светловская Н.Н., Пиче-оол Т.С. Методика обучения творческому чтению: учебное пособие для вузов. 2-е изд., испр. и доп. М.: Издательство Юрайт, 2020. 305 с
8. Жукова И.Г. Педагогическая система развития читательского интереса младших школьников средствами этнопедагогики: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01.—Саратов, 2004.— 24 с.—С. 18.